

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ оларға қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі қақпақтардың жекелеген түрлеріне қатысты қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 82 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне келесі өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан № 1 қосымшаға сәйкес қосалқы позиция алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына № 2 қосымшаға сәйкес қосалқы позициялар енгізілсін;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары № 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссия қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 8309 90 900 0 коды бар позиция келесі мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"8309 90 900 1	---	лакпен және/немесе эмальмен қапталған немесе жабылмаған ақ қаңылтырдан жасалған немесе хромдалған лакталған қаңылтырдан жасалған, бұрандалы немесе домалауға арналған жиегі бар қақпақтар
8309 90 900 9	---	өзгелер".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес оларға қатысты кедендік әкелу баждарының

ставкалары қолданылатын тауарлардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімі күшіне енген күннен ерте емес уақытта күшіне енеді. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда неғұрлым төмен, және қақпақтардың жекелеген түрлеріне қатысты осындай баж мөлшерлемелерінің мөлшері қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
уақытша міндетін атқарушы

Б. Сұлтанов

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 16 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан алынып тасталатын КШП СУБПОЗИЦИЯ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша бірлік өлшемі
8309 90 900 0	— — өзгелер	—

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 16 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП СУБПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша бірлік өлшемі
8309 90 900	— — өзгелер:	
8309 90 900 1	— — — лакпен және/немесе эмальмен қапталған немесе жабылмаған ақ қаңылтырдан жасалған немесе хромдалған лакталған қаңылтырдан жасалған, бұрандалы немесе домалауға арналған жиегі бар қақпақтар	дана
8309 90 900 9	— — — өзгелер	—

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 16 шілдедегі
№ 82 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

	Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кедендік құнның
--	--

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	пайызымен не еуроға, не АҚШ долларында)
8309 90 900 1	— — — лакпен және/немесе эмальмен қапталған немесе жабылмаған ақ қаңылтырдан жасалған немесе хромдалған лакталған қаңылтырдан жасалған, бұрандалы немесе домалауға арналған жиегі бар қақпақтар	10
8309 90 900 9	— — — өзгелер	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК